

Бекітемін
«Ақбота бобекжай - бақшасы» МКҚК
менгерушісі:  **К.Қырқымбаева**



«Балапан» тобы
2022-2023 оқу жылының
Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Орындаған: Сығалаева Ж

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқан ата-аналар саны: 15

Қатыспағандар: 5

Себепсіздер: 0

Күн тәртібінде:

1. Танысу шеңбері «Достық» таныстырушы :

2. «Тазалық-денсаулық кепілі» Кеңес беруші медбике Бурқанбаева А

3. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша: ТӘРБИЕШІ өз сөзінде Балабақша ҚР жалпыға міндетті стандартынның «Үлгілік оқу» бағдарламасы бойынша жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылындағы іс-жоспарымен таныстырды.

Ал ата-аналар «Достық» шеңбері арқылы бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Бір-бірімен танысты және өз балалары туралы тілктерін айтты.

Сөйлегендер.

Бірінші мәселе бойынша ата-ана өз сөзінде осы Балабақшаны таңдағандарына өкінбейтіндерін, мұндағы қызметкерлерге баланы толықай сеніп тапсыруға болатынын айта келіп, өз балаларының мінезіне тоқталып, тәрбиешілердің Баланың тілін табатынна сеімді екенін айтты.

Екінші мәселе бойынша: «Тәрбиеші «баланың балабақшаға бейімделуі туралы» кеңесі

Алғаш бала бақша табылдырғын аттаған балалардың ата-аналарына баланың алғашы бейімделуі туралы кеңестерімен бөлісті. Сағындықова өз сөзінде баланың алғаш бала бақшаға бейімделе алмауының бірнеше себептерін атап көрсетті. Олар:

-Басқа адамдармен бұрын қалып көрмегендіктен,

-Дәретке өзі отырып үйренбегендіктен,

-Кейбір тағамдарды жеу дағдылары.

Сонымен қатар баланың тез бейімделуі үшін үйдегі жағдайда балаңыз келетін топтың режимі мен бірдей етіп ұйымдастыру, бала бақша туралы дұрыс көз қарасты сөздер айту, үйдегі жағдайда балаға өз-өзіне қызме етуге үйрету т.б кеңестерімен бөлісті.

Сөйлегендер:

1.Ата-ана:Адилгиреева Асел өз сөзінде баласының бала бақшаға бейімделу уақытының созылғанын және оның себептерімен бөлісіті.Қобалжулары катты ата-аналардың баласы балабақшада қиын бейімделеді.Ойткені ата-ананың қобалжуын көріп баланыңда қорқынышы ұлтая түсетінін айтып өтті.

2.Ата-ана:Тилеулиева Мадина өз сөзінде кейбір балалар үшін аптаның ортасында жүйкесін тоздырмай демалыс алу керектігін айтты.

3.Ата-ана:Сауранбай Асел өз сөзінде баланы бала бақшаға әкелген соң қоштасуды созбауды және баланы тыныштандру үшін жаңа ойыншық және ұнайтын заттарын алып беріп алдаудың дұрыс емес екендігін ескертті.

Үшінші мәселе бойынша:«Тазалық-денсаулық кепілі». Кенес беруші медбике Хаптаун Зауреш

өз сөзінде мектепке дейінгі мекемеге түсу әр балаға байсалды қадам.

Осы кезде қоршаған орта балаға кенет өзгереді: жақын адамдарның орнына тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшісі және басқа бөтен адамдар пайда болады. Осының бәрі жаңа балалар ұжымында болады, әр баланың өз орны, өз ойыншықтары, достары бар болады. Сәби көптеген кереуеттерімен ұйықтау бөлмесіне, дәретханаға ұжымдық пен сапарға бару және басқа қоғамдық тәрбиенің атрибуттарына баяу үйренеді. Мектепке дейінгі мекемеге үйренуге балаға көмектесу керек. Осы көмекті ата-аналар баланың балабақшаға келуіне дейін ұйымдастыру керек.

Сау денелі болу үшін тазалыққа барынша мән беру керектігін,балалардың дұрыс таза киінуін,үнемі жеке гигиена сақтауын және мезгіліге байланысты жиі кездесетін жұқпалы аурулардың алдын алу және көресу жолдарымен таныстырды.

Сөйлегендер:

Ата-ана:Алимбекова Робиа өз сөзінде әр ата-ана балаларының жеке гигиенасына көңіл бөлу керек екенін ескертті.

Сөлегендер:

1. Ата – ана : Бекмурзина Аида бұл міндетке ата –ана Қасымалиева Қымбатты, Мүшелеріне Медеуова Райхан жәнеТопшакова Қарлығашты лайық көретіні жеткізді.

2.Ата-ана:Иманбаева Мақпал Бекмурзинаны қолдап,мақұлдады.

3.Ата-ана:Талдыхан Дана сайланған мүшелерді жақсы білетінін,олардың бұл міндетті атақара алатынын зор сеніммен айтатынын жеткізді.

Бесінші мәсле бойынша :

1- Балабақшаның күн тәртібімен таныстыру

2- Келісім шартпен таныстыру.

1. Осы мәселе бойынша топ тәрбиешісі Зархан Х сөз сөйлеп,ата-аналарды балабақшаның күн тәртібімен таныстырды.

2. Ата-аналарды келісім шартпен таныстырып,ондағы айтылған ережелерге жеке-жеке тоқталды,Мысалы:баланы кешіктрмеу,төлем ақы жарналарын уақыты

төлеу.Ата-аналарға келсім шартқа қол қоймас бұрын жақысылап танысып алуларын ескертті.

Сөйлегендер:

Ата-ана:Рахимова Камила өз сөзінде балабақшаның күн тәртібімен үйдегі жағдайда режимді сәйкестендіру туралы ойын білдірді.

Шешім:

1.Таныстыру қанағаттандырлыды.

2022-2023 ж оқу жоспары назарға алынсын.

2. «Тәрбиеші Сағындықова Г: «Баланың бала бақшаға бейімделуі» кеңесі қанағаттандыраралық.

3. Медбике Бурқанбаева А«Тазалық-денсаулық кепілі» кеңесі қанағаттандырарлық деңгейде.

5.Өр түрлі мәселелер.Балабақшаның күн тәртібінің орындалуы,келісім шарттағы мәселелердің орындалуы назарға алынсын.